

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден және салық рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 10 қыркүйектегі N 249-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден және салық рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге белгіленген тәртіппен енгізісін;

2) ведомствалық нормативтік құқықтық актілерді жоғарыда көрсетілген Заңға сәйкес келтірсін және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 0 қ ы р к ү й е к т е г і
N 2 4 9 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден және салық рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекет- тік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	"Салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкін салық берешегі есебіне өткізу жөнінде мамандандырылған аукцион өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	

Үкіметінің 2007 жылғы 21
маусымдағы N 522 қаулысына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы

2007

				жылғы қыркүйек
2.	"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің N 1 аймақаралық салық комитеті" мемлекеттік мекемесін тарату туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2007 жылғы қыркүйек
3.	"Жасыл және қызыл дәліздерді" жайластыруға қолданылатын талаптарды бекіту туралы	Бұйрық	Қаржымині	2007 жылғы қыркүйек
4.	Жүк, жолаушылар, көлік құралдары және жүру бағыты туралы алдын ала ақпаратты беру ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Қаржымині	2007 жылғы қыркүйек
5.	"Қазақстан Республикасының кеден органдарының кадр жұмыстарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 14 мамырдағы N 202 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Бұйрық	Қаржымині	2007 жылғы қыркүйек
6.	"Кеден органдарының кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қолдануының ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 199 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	Бұйрық	Қаржымині	2007 жылғы қыркүйек
7.	"Қазақстан Республикасының кеден органдарына қызметке тағайындалатын үміткерлерге тестілеу жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 27 мамырдағы N 248 бұйрықтың күші жойылды деп тану туралы	Бұйрық	Қаржымині	2007 жылғы қыркүйек

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК